КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 қаңтар №2301-24-00-2/3238 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Дана Жайсаңбайқызы Калиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі М.Бақытжанұлы,
жауапкер Д.Ж.Калиева,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 1 қазанда тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №487 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған. Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушіге келісім шарт аумақтық казынашылық бөлімшесіне тіркеуден өткеннен кейін 16 күнтізбелік күннің ішінде жеткізуге «тақтайлы торлама» түріндегі тауарды жеткізуге міндеттенген. Шарт қазынашылық органында 2024 жылғы 8 қазанда тіркелген, яғни өнім беруші тауарды 2024 жылғы 25 қазанға дейін тапсырыс берушіге жеткізуге тиіс болған.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған және 2024 жылғы 14 қазанда веб-портал арқылы тауарды жеткізуден бас тартатыны туралы тапсырыс берушіге хабарлаған.

Осыған байланысты 2024 жылғы 17 қазанда тапсырыс беруші шартты біржақты бұзған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, талапты қанағаттандыруды сұрады. Сотқа берген түсініктемесінде шарттың уақытылы орындалмауынан тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар бар екенін түсіндірді.

Жауапкер сотқа берген түсініктемесінде тауардың нарықта болмауына байланысты міндеттемені орындай алмағанын, қазіргі уақытта жеке кәсіпкерлік жұмысын тоқтатқанын түсіндіріп, талаптың қанағаттандырылуына қарсы емес екенін түсіндірді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті тауарды жеткізген жоқ. Сондықтан шартта көзделген міндеттеменің жауапкер тарапынан орындалмауы себебінен талап қоюшы үшін жағымсыз салдар орын алған, өйткені ол шарт жасасқан кезде алуға үміт артқан тауарды алмаған және бюджет қаражаты уақытылы игерілмеген.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 23 қазанда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 17.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2025, судья Султангалиева А. Е., 21.02.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер Дана Жайсаңбайқызы Калиеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Дана Жайсаңбайқызы Калиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Дана Жайсаңбайқызы Калиевадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «___» _____2025 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 17.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2025, судья Султангалиева А. Е., 21.02.2025